

Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы № 319 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 тамызда № 23928 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 106-бабының 7-тармағына, 112-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібі осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес бекітілсін.

2. Кейбір бұйрықтардың күші осы бұйрыққа 2-қосымшага сәйкес жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сактау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрія және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2021 жылғы 9 тамыздағы
№ 319 бұйрыққа
1-қосымша

Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны, сондай-ақ
әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандарын және оларды толтыру
тәртібін ұсыну қағидалары

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 14.09.2023 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандарын және оларды толтыру тәртібін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 106-бабының 7-тармағына, 112-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Кодекс), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленді және экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны беру тәртібін айқындайды, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанына және оларды толтыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1) әсер етуге арналған экологиялық рұқсат – II санаттағы объектілер және I санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсат;

2) ең үздік қолжетімді техникалар (ЕҮҚТ) – қызмет түрлері мен оларды жүзеге асыру әдістерінің неғұрлым тиімді және үздік даму сатысы, бұл олардың қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсер етуді болғызыбауға немесе, егер бұл іс жүзінде жүзеге асырылmasa, барынша азайтуға бағытталған технологиялық нормативтер мен өзге де экологиялық шарттарды белгілеуге негіз болу үшін практикалық жарамдылығын куәландырады;

3) жол берілетін төгінді нормативі – экологиялық рұқсатта белгіленетін және ластағыш заттың мөлшері (массасы) не сарқынды сулардағы ластағыш заттар қоспасы ретінде айқындалатын, уақыт бірлігіне ағызуға жол берілетін (рұқсат етілген) ең жоғары экологиялық норматив;

4) жол берілетін физикалық әсер ету нормативі – жылудың, шудың, дірілдің, иондаушы сәулеленудің, электромагниттік өрістердің кернеулігінің және табиғи ортаның компоненттеріне өзге де физикалық әсер етудің жол берілетін деңгейлері түрінде әрбір көз үшін белгіленетін, мұндай көзден болатын теріс физикалық әсер барлық көздермен жиынтықта табиғи ортаға физикалық әсер етудің белгіленген жол берілетін шекті деңгейлерінен асып кетуге әкеп соқпайтын экологиялық норматив;

5) кешенді экологиялық рұқсат – ең үздік қолжетімді техникаларды қолдана отырып, қоршаған ортаның ластануын кешенді түрде болғызыбауды қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсерді барынша азайтуға және бақылауға бағытталған құжат;

6) қалдықтардың жинақталу лимиті – I және II санаттағы объектілердің құрамына кіретін әрбір нақты орын үшін тиісті жинақтау орнында жинауға рұқсат етілген қалдықтардың түрлері бойынша шекті саны (массасы);

7) қалдықтарды қөму лимиті – қалдықтардың I және II санаттағы объектілердің құрамына кіретін полигонда қөмуге рұқсат етілген түрлері бойынша олардың шекті мөлшері (массасы);

8) қозғалатын аумақ – өзінің шегінде қоршаған орта мен халық белгіленіп отырган қызметтің елеулі әсер етуіне ұшырайтын аумақ;

9) қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қантардағы "Хабарлама нысандары және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау, сондай-ақ хабарламаларды қабылдайтын мемлекеттік органдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы" № 4 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша қызмет алушымен ресімделген қызметтің басталғаны туралы хабардар ететін құжат;

10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары – эмиссиялардың белгіленген нормативтерінің, қалдықтардың жинақталуы мен оларды қөму лимиттерінің, күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру лимиттерінің (қемірсүтектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде) сақталуын қамтамасыз етуге қажетті, қоршаған ортаға теріс әсер етуді төмендетуге бағытталған іс-шаралар тізбесін қамтитын әсер етуге арналған экологиялық рұқсатқа қосымша;

11) қоршаған ортаның ластануы – атмосфералық ауада, жер үсті және жер асты суларында, топырақта немесе жер бетінде ластағыш заттардың, жылудың, шудың, дірілдің, электромагнит өрістерінің, радиацияның мемлекет белгілеген қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтерінен асатын мөлшерде (концентрацияларда, деңгейлерде) болуы; ластаушы заттардың шығарындылары-шығарындылар көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың түсүі;

12) ластағыш заттар – қоршаған ортаға түскен кезде өздерінің сапалық немесе сандық сипаттамаларына орай табиғи ортаның табиғи тепе-тендігін бұзатын, табиғи орта құрамдастарының сапасын нашарлататын, экологиялық залал не адамның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіруге қабілетті қатты, сұйық, газ тәрізді немесе бу тәрізді күйдегі кез келген заттар;

13) ластаушы заттардың ағызылуы – сарқынды сулардағы ластаушы заттардың жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне түсүі;

14) ластаушы заттардың шығарындылары-шығарындылар көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың түсүі;

15) маркерлік ластағыш заттар – өндірістің немесе технологиялық процестің нақты түрінің эмиссиялары үшін неғұрлым маңызды ластағыш заттар, олар осындағы өндіріске

немесе технологиялық процеске тән ластағыш заттар тобынан таңдал алынады және олардың көмегімен топқа кіретін барлық ластағыш зат эмиссиясының мәнін бағалауға болады;

16) мұдделі мемлекеттік органдар – объектінің іске асыру кезінде өздерінің функциялары қозғалған мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар;

17) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы – қоршаған ортаға эмиссиялар деңгейінің, зиянды өндірістік факторлардың өлшемдері және (немесе) есеп-қисаптары, сондай-ақ табиғи, энергетикалық және өзге де ресурстарды тұтынудың іс жүзіндегі көлемі негізінде өндірістік процестің тиімділігін экологиялық бағалауды қамтамасыз ету бойынша I немесе II санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсатқа қосымша;

18) рұқсат етілетін шығарындылар нормативі – экологиялық рұқсатта белгіленетін және ластағыш заттың не ластағыш заттар қоспасының атмосфералық ауаға шығару үшін рұқсат етілетін (рұқсат етілген) ең жоғары массасы ретінде айқындалатын экологиялық норматив;

19) сарқынды суларды шығару – сарқынды суларды жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне ағызу құрылғысы мен орны;

20) технологиялық нормативтер – кешенді экологиялық рұқсатта:

уақыт бірлігіне немесе өндірілетін өнімнің (тауардың), орындалатын жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігіне есептелетін электр және (немесе) жылу энергиясының, өзге ресурстардың тұтынылу мөлшері түрінде белгіленетін экологиялық нормативтер;

эмиссиялар көлемінің бірлігіндегі маркерлік ластағыш заттардың шекті саны (massасы);

21) экологиялық рұқсат – жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қоршаған ортаға теріс әсерді жүзеге асыру құқығын куәландыратын және қызметті жүзеге асырудың экологиялық шарттарын айқындастын құжат;

22) экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы – технологиялық нормативтерге, эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуге бағытталған I санаттағы объектіні реконструкциялау, қайта жарақтандыру, жаңғырту жөніндегі жоспарланатын іс-шаралар кестесін көздейтін кешенді экологиялық рұқсатқа қосымша;

23) экологиялық шарттар – Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген, осындағы қызметке қолданылатын экологиялық талаптардың, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыларда қамтылған тұжырымдардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында I және II санаттағы объектілерді салуға және пайдалануға қойылатын жеке-дара талаптар;

24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

25) "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы пайдалануышының кабинеті (бұдан әрі – жеке кабинет) – "электрондық үкіметтің" веб- порталының жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен электрондық нысанда қызметтер көрсету мәселелері, көрсетілген тұлғалардың өтініштерін қарайтын субъектілерге қатысты мәселелер, сондай-ақ дербес деректерді пайдалану мәселелері бойынша ресми ақпараттық өзара іс-қимылына арналған құрамдасы;

26) эмиссиялар – антропогендік объектілерден босатылатын ластаушы заттардың атмосфералық ауаға, суға, жерге немесе оның астына түсүі;

27) эмиссиялар нормативтері – экологиялық рұқсатта белгіленетін эмиссиялардың шекті сандық және сапалық көрсеткіштерінің жиынтығы;

28) I және II санаттағы объект – Кодекске 2-қосымшаның 1-бөлімінде (I санаттағы объектілер үшін) немесе 2-бөлімінде (II санаттағы объектілер үшін) көрсетілген қызметтің бір немесе бірнеше түрі шегінде жүзеге асырылатын стационарлық технологиялық объект (кәсіпорын, өндіріс), сондай-ақ объект орналастырылатын өнеркәсіптік алаң шегінде жүзеге асырылатын және эмиссиялардың көлеміне, санына және (немесе) қарқындылығына және осындай объектінің қоршаған ортаға теріс әсерінің өзге де нысандарына елеулі әсер ететін онымен технологиялық тікелей байланысты кез келген өзге де қызмет түрлері;

29) III санаттағы объект – Кодекске 2-қосымшаның 3-бөлімінде көрсетілген қызмет түрлері шегінде жүзеге асырылатын құрылым объектісі (ғимарат, құрылышжай немесе олардың кешені) немесе алаң.

2-тaraу. Экологиялық рұқсаттар беру тәртібі

1-параграф. Кешенді экологиялық рұқсат беру тәртібі

3. "Кешенді экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. "Кешенді экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб – порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүгінеді.

"Кешенді экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі қызметті алушы жүгінген кезде Тізімнің 8 тармағында анықталған.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түсken күnі порталда тіrkейdі жәne көrsetіletіn қыzmettі berushinіc оryndaushysыna жіberedі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұlғаны немесе жеке кәsіpкерді мемлекеттіk тіrkeu (қайta tіrkeu) туралы құжаттарын, экологиялық рұқсаттарын көrsetіletіn қыzmettі berushinіc оryndaushysы "электрондық үкіmet" шлюзі арқылы тиіstі мемлекеттіk ақпараттық жүйелерден алады.

Көrsetіletіn қыzmettі berushinіc оryndaushysы көrsetіletіn қыzmettі alushy ұsyнғan құжаттарды tіrkegen kүnnen bastap bes жұмыс kүnі iшіnde olardың tolықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы tolық ұsyнылмаған жәne (немесе) қoldanылу мерзіm өtken құжаттар ұsyнылғan жағdайda, oсы Қaғidalardың 3-қosымшасына сәйkес nыsan бойынша bas тартu себептеріn дәleлді negіzdey отырып, көrsetіletіn қыzmettі berushi basshysыnyц ЭЦК-sы қoйылғan электрондық құjat nыsanыnda қaraудan bas тартu жіberіledі

6. Кодекстіq 115-babыныц 2-tармағына сәйkес, көrsetіletіn қыzmettі berushi keshendі экологиялық рұқsat (бұdan әri – KЭР) aluga arnalғan өtіnіsh tіrkelgen kүnnen bastap bes жұмыs kүnі iшіnde ony tolық жәne жиынтықты boluы tұrfysынан тексереді. Өtіnіsh көrsetіlgen мерзіm iшіnde қaraugra қabyldanadы ne құjatтар топтамасы жәne (немесе) mәlіmetter tolық ұsyныlmaғan жaғdайda mүndai өtіnіshтіn қaitarylu себептері көrsetile отырып, қabyldanbайды.

Кешенді экологиялық рұқsat aluga arnalғan өtіnіshte barлық talap etіletіn mәlіmetter men қosa beriletіn құjatтар bolғan kезde қorshaғan ortanы қorғau саласындағы uәkilettі organ oсы Kодекстіq 88-babы 1-tarмағыныц 1) tarmaқshasыna сәйkес I санаттағы обьектіlerді salu жәne (немесе) pайдаланu жөnіндегі жобalaу құjattamasyна мемлекетtіk экологиялық сараптамa жүргіzedі жәne oсы tarmaқтың bіrіnші bөlіgіnde көrsetіlgen мерзіm iшіnde қaraugra қabyldanғan өtіnіshті oғan қosa beriletіn құjatтармен bіrgе өzіnіc құrylyмдық bөlіmshelerіne, sonday-aқ keshendі экологиялық рұқsatқa eңгіziluge жatatyн mіndettі экологиялық шарттарғa қatysty өz құzyretterі шенберіnde ескertулері men ұsyныstarыn alu үshіn mynадай mүddelі mемлекетtіk organدارғa:

1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық salamatтыlyғы саласындағы мемлекетtіk organғa;

2) обьект жatatyн tiistі salada retteudі жүzеге aсыratыn uәkilettі organғa;

3) құzyretіne обьектіn salu men pайдаланu жөnіндегі қыzmettі жүzеге aсыruғa қажettі rұқsattardы beru kіretіn өzge de uәkilettі mемлекетtіk organдарғa;

4) aumaғыnda обьект ornalasқan nemese ornalasatyn oblystyң, respublikalық maңызы bar қalalardың, astananyң жергіліktі atқarushy organыna жіberedі.

Егер обьект eki nemese oдан da kөp oblystarдың, respublikalық maңызы bar қalalardың, astananyң aumaқtarы шегіnde ornalasқan nemese ornalasatyn болса, қosa

берілген құжаттары бар өтініш әрбір тиісті жергілікті атқарушы органға жіберілуге жатады;

5) егер мұндай қызметке рұқсат беру туралы шешімдер қабылдау бойынша трансшекаралық рәсімдер жүргізу қажеттігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделсе немесе қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыда белгіленсе, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жәрдемімен – объектіні салу және (немесе) пайдалану қоршаған ортасының жай-күйіне елеулі қолайсыз әсер ететін мемлекетке жібереді.

7. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері және өзге де мұдделі мемлекеттік органдар өз құзыреттері шенберінде (атмосфералық ауаны, су ресурстарын қорғау, қалдықтарды басқару, шу деңгейін және физикалық әсерді бақылау) КЭР алуға арналған өтінішті қарайды және өздерінің құзыреттері шенберінде КЭР-ге енгізілуге жататын қажетті экологиялық жағдайларға қатысты осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті алған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде сараптамалық қорытындылар береді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде КЭР беруге өтінішке және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш қарауға қабылданғаннан кейін осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде қызметті алушыға ескертулер жібереді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама кодектің 87-бабы 1-тармағы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шенберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

8. Қызметті алушы жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жояды. Ескертулер көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда қызметті алушыға осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кешенді экологиялық рұқсат беруден дәлелді бас тарту беріледі.

9. Қызметті алушы барлық ескертулерді жойғаннан кейін көрсетіletіn қызметті беруші алынған ескертпелер мен ұсыныстарды, сондай-ақ қызметті алушының ұстанымын ескере отырып, ішкі және (немесе) сыртқы сарапшыларды тарта отырып, КЭР жобасын дайындауды және мұндай жобаны қызметті алушыға жібереді. Қызметті алушы бес жұмыс күні ішінде КЭР ұсынған жоба бойынша өз ұстанымын ұсынады.

10. Объект жататын тиісті салада реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган және аумағында объект орналасқан немесе орналасатын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы КЭР үшін ұсынылған экологиялық жағдайларға және өтініш пен оның қосымшаларының бөліктеріне қатысты өз қорытындылары мен ескертулерін ұсынады.

11. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың 7-тармағында айқындалған мерзім өткеннен кейін алған мұдделі мемлекеттік

органдардың қорытындылары қызметті алушыға жіберілуге және өтініш бойынша шешім қабылдау кезінде есепке алынуға жатпайды.

12. КЭР-ді алуға арналған өтінішті қарау кезінде көрсетілетін қызметті беруші Кодекстің 93-бабына сәйкес сыртқы сарапшыларды тарта отырып, алынған ескертулерді және мүдделі мемлекеттік органдардың қорытындыларын, сондай-ақ қызметті алушының ұсыныстарын ескереді және осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Кодекстің 112-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес кешенді экологиялық рұқсат беру туралы шешім қабылдау себептерінің негіздемесін жасайды.

13. Көрсетілетін қызметті беруші Кодекстің 115-бабы 6-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес қызметті алушының жауабын немесе келіспеушіліктерді қарау нәтижелерін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде КЭР беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

14. КЭР жобасына енгізілген шарттар бойынша туындастын келіспеушіліктерді Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен сараптамалық комиссия шешіледі.

15. Кодекстің 117-бабына сәйкес кешенді экологиялық рұқсат беруден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

16. Көрсетілетін қызметті беруші КЭР-ді беру туралы шешім қабылдағаннан кейін осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген мерзім ішінде осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қызметті алушыға беру үшін КЭР-ді ресімдейді.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

17. Кешенді экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысанда Тізбе 1-дің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, КЭР-ді қайта ресімдеуге өтініш береді.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі порталда өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге келіп түсken күні КЭР қайта ресімдеуге өтнішті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), экологиялық рұқсаттар туралы мәліметтерді КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

19. КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіrkеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодекстің 118-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Тізбе 1-дің 8-тармағында көрсетілген тиісті құжат ұсынылмаған немесе қолданылу мерзімі өткен құжат ұсынылған жағдайда, бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

Кодекстің 118-бабының талаптарына сәйкес келетін құжаттар ұсынылған жағдайда, КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін КЭР-ді қайта ресімдейді.

20. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

21. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

22. Кодекстің 118-бабының 1-тармағына сәйкес КЭР мынадай жағдайларда ішінара немесе толық қайта қаралуға жатады:

1) оператордың Кодекстің 65-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес қоршаған ортага әсерді бағалау жүргізуді талап ететін, көзделіп отырған немесе жүзеге асырылатын қызметке елеулі өзгерістер енгізу;

2) оларға қатысты осындай кешенді экологиялық рұқсат берілген объект сәйкес келмейтін талаптарды белгілейтін, оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа анықтамалықты қабылдауға байланысты ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытындыны бекіту;

3) экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасына өзгерістер енгізу.

23. КЭР-ді қайта қарau кезінде қызметті алушы портал арқылы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша КЭР-ді қайта қарauға)еді.

24. Оператор осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларда КЭР-ді қайта қарauға өтінішті:

1) оператор жүзеге асыратын қызметке елеулі өзгерістерді іске асыруды бастайтын болжамды күнге дейін алты ай бұрын;

2) осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасына сәйкес оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытынды бекітілген күннен бастап үш ай ішінде кешіктірмей береді.

25. Оператор белгіленіп отырған немесе жүзеге асырылатын, қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізуді талап ететін қызметке елеулі өзгерістер енгізгу кезінде, қондырғы операторы қоршаған ортаға оң немесе теріс әсер туғызатын объектідегі өзгерістерді жоспарлау кезінде болжанған өзгерістерді олардың Кодекстің 118-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкестігі тұрғысынан бағалайды. Осыған байланысты, өзгеріс сипатын Кодекстің 65-бабының 2-тармағында көзделген өлшемшарттар бойынша бағалап, жоспарланған өзгерістердің қоршаған ортаға оң немесе теріс әсерін туғызатын КЭР экологиялық жағдайларына әсер ету тұрғысынан белгіленіп отырған қызметтің әсеріне тиісті бағалау немесе скрининг жүргізу қажет.

26. Ұсынылып отырған өзгерістер қоршаған ортаға теріс әсер ете отырып, КЭР-дің экологиялық шарттарына әсер еткен жағдайда, оператор осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша КЭР-ді қайта қарауға өтініш қалыптастырады.

27. КЭР-ге қосымшаларға енгізілетін өзгерістер экологиялық жағдайларға ықтимал әсер етуге қатысты бағалауға жатады.

28. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган КЭР шарттарын сақтауға әсер етпейтін жоспарланған өзгерістердің сипаттамасын алған жағдайда, ол алынған ақпаратты бес жұмыс күні ішінде бағалайды.

Алынған мәліметтер жеткілікті болып және КЭР шарттары өзгерілмесе, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің 118-бабының 5-тармағына сәйкес КЭР-ді қайта рәсімдейді.

Объектіде жоспарланған өзгеріс КЭР шарттарын қайта қарауды талап еткен жағдайда, операторға жауаппен бірге КЭР-ді қайта қарауға қызметті алуға сұрау салу жіберіледі.

29. Қондырғы операторы КЭР-да айқындалған шарттармен ЕҮҚТ бойынша жаңа қорытындыда белгіленген өзгерістерді бағалайды және қайта қарау немесе жаңа кешенді экологиялық рұқсат алу қажеттілігін айқындайды.

30. Қолданыстағы КЭР-дің әмиссиялар нормативтері мен технологиялық нормативтері оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытындыда белгіленген ЕҮҚТ қолданумен байланысты технологиялық көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда, қондырғы операторы КЭР-ді қайта қарауға өтініш дайындауды.

31. Объект операторы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жоспарланатын іс-шаралар кестесінің бөлігінде, егер бұл әмиссиялар нормативтеріне, технологиялық нормативтерге қол жеткізудің белгіленген мерзімдеріне әсер етпесе, Кодекстің 119-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен төмендету көрсеткіштеріне қол жеткізу мерзімдеріне КЭР-ді қайта қарауға туралы өтініш береді.

32. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 92-бабына (бұдан әрі – ӘРПК) сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның

лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

осы Қағидалардың 3-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсетілетін қызметті беруші тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп тұсken жағдайда көрсетілетін қызметті алушының шағымын көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп тұсken күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым тұсken күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін қурайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органға немесе сотқа жүгінеді.

33. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетіletіn қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің"

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

2-параграф. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру тәртібі

34. "I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

35. "I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб – порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүгінеді.

"I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе 2) осы Қағидалардың 8-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі қызметті алушы жүгінген кезде Тізбе 2-нің 8 тармағында анықталған.

36. Көрсетілетін қызметті берушінің кенесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен және эмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, қабылдамаудың себептерін дәлелді негіздей отырып, көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

37. Барлық талап етілетін мәліметтер мен қоса берілетін құжаттар объектілері үшін әсер етуге рұқсат алуға өтініште болған кезде көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалau

құжаттамасына, сондайақ қалдықтарды басқару және әмиссиялар нормативтері жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беруге өтінішке және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша қызметті алушыға өтінішті қарауға қабылдаған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде ескертулер жібереді.

Қызметті алушы жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жояды.

Мемлекеттік экологиялық сараптама Кодекстің 87-бабы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шенберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

38. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау мерзімдері мен ұзақтығы өтініш тіркелген күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайды.

39. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау нәтижесі осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру немесе осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

40. Ескертулер осы Қағидалардың 36-тармағында айқындалған мерзімдерде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

41. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат берілген объект операторының атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, қайта құрылған немесе оператор ауысқан жағдайларда жүзеге асырылады.

I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге Тізбе 2 -нің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса берумен осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша I санаттағы әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеуге өтініш береді.

42. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түсken күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаган ортаға әсерді бағалау материалдарымен және эмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

43. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодектің 108-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

44. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦК-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

45. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректерді енгізуіді қамтамасыз етеді.

46. Берілген I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсаттың көшірмесі экологиялық рұқсаттар беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың интернет-ресурсында орналастырылады.

47. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 92-бабына (бұдан әрі – ӘРПК) көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

осы Қағидалардың 8-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсетілетін қызметті беруші тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңың 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жырма) жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органға немесе сотқа жүгінеді.

48. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

3-параграф. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру тәртібі

49. "II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

"II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб – порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүгінеді.

"II санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе 3) осы Қағидалардың 11-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі қызметті алушы жүгінген кезде Тізбе 3-тің 8 тармағында анықталған.

50. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) экологиялық рұқсаттары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, қабылдамаудың себептерін дәлелді негіздей отырып, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

51. Барлық талап етілетін мәліметтер мен қоса берілетін құжаттар объектілері үшін әсер етуге рұқсат алуға өтініште болған кезде көрсетілетін қызметті беруші II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беруге өтінішке және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші қызметті алушыға өтінішті қарауға қабылдаған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ескертулер жібереді.

Қызметті алушы жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап бес күні ішінде жояды.

Мемлекеттік экологиялық сараптама кодекстің 87-бабы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шенберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

52. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау мерзімдері мен ұзақтығы өтініш тіркелген күннен бастап отыз (отыз) жұмыс күнінен аспайды.

53. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау нәтижесі осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша II санаттағы объектілер

үшін әсер етуге рұқсат беру немесе осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

54. Ескертулер осы Қағидалардың 49-тармағында айқындалған мерзімдерде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦК қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

55. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦК қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

56. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеу II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат берілген объект операторының атауы өзгерген, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге Тізбе 3-тің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша II санаттағы әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеуге өтініш береді.

57. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі порталда қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті түскен күні тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, Рұқсаттар, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру жөніндегі орындаушысы "электрондық үкімет" шлозі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

58. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодекстің 108-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет Тізбе 3-іне сәйкес беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

59. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦК қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

